

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**
**«ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ» бағыты бойынша Академиялық
комитеттің кезекті № 7 мәжілісінің хаттамасы**

Түркістан қаласы
Ректорат ғимараты, 222-аудитория/сағат 14:30

18.04.2023 жыл

Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар: АҚ төрағасы, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Шахабаев Е.Ш, Академиялық департамент директоры Бостанова А.М., Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы Баймағанбетов С., Экономика, басқару және құқық факультетінің декан орынбасары Байбақов Н., Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі басшысының орынбасары Полатбекова К., Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскерлері Г. Тасболатова, Шалтаева М. және Киянбекова А., Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы Мухитдинова С.М.

АҚ мүшесі, Академиялық персоналдар: Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының доц. м.а PhD Тажибаев Р.

АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілдері: «Түркістан облысының Қоғамдық даму басқармасы отбасы және жастар мәселесі жөніндегі бөлімі» басшысы Н.Аралбеков

АҚ мүшелері, білімгерлер өкілдері: 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының студенті А. Нариманова.

Қатыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әртүрлі мәселелер.

1.1. 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурста ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау,

1.2 Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Жауаптылар: Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек, доц. м.а PhD Тажибаев Р. және кафедра ОПК мүшелері.

Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасына енгізілген жаңа пәндер бойынша және бұрыннан оқытылып келе жатқан пәндер бойынша Ресей, Түркия және отандық баспада шыққан кітаптарға университеттің кітапханасы арқылы тапсырыс берілгенін айтты. Осындай тапсырыс арқылы ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың орнын толтыру көзделгенін атап өтті. Бұл үшін әрбір пән оқытушысы өзіне қажетті әдебиеттер, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың тізімін жасап, кафедра меңгерушісіне ұсынды.


Сонымен қатар кафедра меңгерушісі доц. PhD А.Амирбек 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін мен таныстыру баяндамасын жасады. Атап айтқанда, диссертациялық жұмысы мен шеттілін меңгеруіне, және беріп жатқан пәніне назар аудара отырып, оқытушыларды белгілі бір салаға бағыттап, мамандануына қажетті жағдай жасау керек. Бұл бойынша Орхон бағдарламасы аясында Түркияға біліктілік жетілдіру, шетелдік мамандарды университетке шақырып, әртүрлі семинар, дөңгелек стол ұйымдастыру,

Түркиядан оқытушылар мен ғалымдарды университетімізге белгілі бір мерзімге сабақ беруге шақыру секілді іс-шараларға баса мән беру.

Баяндамадан кейін, Академиялық департамент директоры Бостанова А.М. сөз алып, 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстарды құптайтынын білдірді. Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD Амирбек А., 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасын заман талабына сай оқыту үшін кафедра ОПҚ мүшелерінің біліктілігін арттыру үрдерісінің жүріп жатқанын, әрі шетелдік (Түркиядан) ғалымдардың да шақырылып жатқанын айтып, өз сөзін аяқтады.


Шешім: 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын және Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

**Академиялық комитет
төрағасы:**



Амирбек А.

**Академиялық комитет
хатшысы:**



Тажобаев Р.